

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

№ 09 ХАТТАМА

26 наурыз 2025 жыл

Ғылыми кеңес мәжілісі

Төраға: ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенова

Хатшы: ғылым кандидаты, доцент Ш.А. Аманжолова

ҚАТЫСҚАНДАР: 30 адам (Келу парағы хаттамаға қоса тіркеледі);

ҚАТЫСПАҒАНЫ: 1 адам: А. Бердібай, доцент, философия докторы (PhD) (денсаулығына байланысты).

Күн тәртібінде:

1) Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларының АРТА-да өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерін бекіту туралы (*А.С. Нусупова, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.*);

2) 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбені бекіту туралы (*Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы*);

3) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының эдвайзер-кураторлар кеңесі» және «Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» Ережелерін бекіту туралы (*Н.Т. Кулданов, Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор*);

4) Профессор-оқытушылар құрамының Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы жұмыс жағдайына қанағаттануы туралы әлеуметтік сауалнама есебін бекіту туралы (*А.С. Сарымсакова, Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы*);

5) Ғылым және инновация бөлімінің жұмысы туралы (*С.М. Шакирова, Ғылым және инновация бөлімінің басшысы*);

6) Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің жұмысы туралы (*Ж. Сафиева, Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің басшысы*);

7) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының коммуникациялық саясаты туралы ережені бекіту (*Ж. Сафиева, Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің басшысы*);

8) «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Д. Махмудтың «Струнно-смычковое исполнительство Казахстана: традиции, стили и современность» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы (*К.М. Халилова, «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі*);

9) Әртүрлі

9.1 Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидаларын бекіту туралы (*Г.Б. Әбдірахман, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор*);

9.2 2024-2025 оқу жылындағы біліктілікті жоғарылату курстарының құнын бекіту туралы (А.Н. Баймуканова, Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімінің басшысы);

9.3 Нұрсұлтан Назарбаев Қоры жас ғалымдар мен мәдениет және өнер қайраткерлеріне арналған сыйлық тағайындау жөніндегі республикалық байқауға үміткерлерді бекіту туралы (Факультет декандары).

КІРІСПЕ СӨЗ:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Ғылыми кеңестің кезекті мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібіндегі алғашқы сұраққа ауыссақ.

1. ТЫҢДАЛДЫ: Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а. А.С. Нусупованың Ғылыми кеңестің Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларының АРТА-да өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерін бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. НУСУПОВА – Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларының АРТА-да өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерін ұсынамын.

Өзін-өзі бағалаудың негізі 7M02101 – Музыкатану, 8D02101 – Музыкатану, 7M02111 – Композиция, 8D02111 – Композиция, 7M02123 – Арт-менеджмент, 8D02123 – Арт-менеджмент, 7M02102 – Аспаптық орындаушылық, 8D02102 – Аспаптық орындаушылық, 7M02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер, 8D02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер, 7M02103 – Вокалдық өнер, 8D02103 – Вокалдық өнер, 7M02105 – Дирижерлеу, 8D02105 – Дирижерлеу білім беру бағдарламаларының мамандандырылған аккредитациясына дайындық болып табылады.

Магистратура және докторантура білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебін дайындау үшін Құрманғазы атындағы ҚҰК-да жұмыс тобы құрылды. Консерваторияның магистратура жән докторантура білім беру бағдарламаларын аккредитациялау бойынша «MusiquE» Халықаралық аккредитациялық агенттігімен жұмысты жалғастыру ниетіне байланысты жұмыс тобының бастапқы құрамы Консерватория ректорының 2024 жылғы 7 қазандағы № 109-п «Білім беру бағдарламаларының өзін-өзі аттестациялау есебін дайындау бойынша жұмыс топтарының құрамы туралы» бұйрығы негізінде құрылды.

Валюта бағамының күрт өсуіне байланысты қаржылық жағдайдың қиындауына байланысты «MusiquE» агенттігімен жұмыс тоқтатылып, АРТА-

мен жасалған келісімшарт негізінде қайта басталды, осыған байланысты бұйрыққа тиісті өзгерістер енгізілді (2025 жылғы 28 қаңтардағы № 14-п бұйрық).

Жұмыс топтарының құрамы әрбір білім беру бағдарламасы бойынша құрылып, факультет декандарын, бітіруші кафедралардың меңгерушілері мен оқытушыларын, сондай-ақ білім алушыларды қамтыды. Есепті дайындау барысында соңғы 5 жылдағы білім беру бағдарламаларының әртүрлі аспектілеріне қатысты ақпараттар жинақталып, бітіруші кафедралардан, АИС «Платонус» жүйесінен, Академиялық мәселелер қызметінен, Ғылым және инновация бөлімінен, Халықаралық бағдарламалар және ынтымақтастық жұмыстар бөлімінен және университеттің басқа да құрылымдық бөлімшелерінен мәліметтер тартылды. Фокус-топтарға қатысу үшін әртүрлі стейкхолдерлер санаттары: бакалавриат студенттері, түлектер, жұмыс берушілер, оқытушылар тартылды. Социологиялық сауалнамалардың нәтижелері, сондай-ақ аккредитация үдерісіне орай өткізілген сауалнамалар пайдаланылды.

Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларының АРТА-да өзін-өзі бағалау жөніндегі есептері келесі 4 кластерлер бойынша дайындалды:

1 кластер (бастапқы аккредиттеу)

7M02123 – Арт-менеджмент (бастапқы аккредиттеу)

8D02103 – Вокалдық өнер (бастапқы аккредиттеу)

8D02105 – Дирижерлеу (бастапқы аккредиттеу)

2 кластер

7M02101 – Музыкатану

8D02101 – Музыкатану

7M02111 – Композиция

8D02111 – Композиция

8D02123 – Арт-менеджмент

3 кластер

7M02102 – Аспаптық орындаушылық

8D02102 – Аспаптық орындаушылық

7M02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер

8D02104 – Дәстүрлі музыкалық өнер

4 кластер

7M02103 – Вокалдық өнер

7M02105 – Дирижерлеу

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, 4 кластерлер бойынша дайындалған есептерді бекітулеріңізді сұраймын.

Ғылыми кеңестің ұсынылған Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларының АРТА-да өзін-өзі бағалау жөніндегі есептерін бекіту бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы магистратура мен докторантура білім беру бағдарламаларының АРТА-да өзін-өзі бағалау жөніндегі есептері бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

2. **ТЫҢДАЛДЫ:** Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы Н.А. Ертаеваның 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбені бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Н.А. ЕРТАЕВА – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы:

Қайырлы күн Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбені ұсынамын және оны бекітулеріңізді сұраймын.

Бакалавриатта, магистратурада, докторантурада оқу жылының басталуы 2025 жылдың 1 қыркүйегінен, ал дайындық курстары үшін 8 қыркүйектен басталады.

Оқу үдерісі	Күні
Талапкерлерді қабылдау	9 – 25 тамыз
Бағдарлау аптасы	25 - 31 тамыз
КҮЗГІ-ҚЫСҚЫ СЕМЕСТР	
Бакалавриат	
Білім күні	1 қыркүйек
Теориялық оқыту	01.09.25 – 14.12.25
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	20.10.25 – 25.10.25
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	08.12.25 – 13.12.25
Емтихан сессиясы, оның ішінде Мемлекеттік емтихандарды тапсыру және «FX» базасын алған жағдайда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру	15.12.25 – 04.01.26
Қысқы демалыс	05.01.26 – 18.01.26
Магистратура (ғылыми-педагогикалық бағыт)	
Білім күні	1 қыркүйек
Теориялық оқыту	01.09.25 – 14.12.25
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	20.10.25 – 25.10.25
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	08.12.25 – 13.12.25
Емтихан сессиясы, оның ішінде МҒЗЖ және "FX" базасын алу кезінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру	15.12.25 – 04.01.26
Қысқы каникул	05.01.26 – 18.01.26
Магистратура (бейіндік бағыт)	
Білім күні	1 қыркүйек
Теориялық оқыту	01.09.25 – 14.12.25
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	20.10.25 – 25.10.25
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	08.12.25 – 13.12.25
Емтихан сессиясы, оның ішінде ЭИРМ және «FX» базасын алған жағдайда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру:	15.12.25 – 04.01.26

Қысқы каникул	05.01.26 – 18.01.26
Докторантура PhD	
1 курс	
Білім күні	1 қыркүйек
Докторанттың ғылыми жұмысы, тағылымдамадан өтуді қоса алғанда және докторлық диссертацияны орындау	01.09.25 – 14.12.25
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	20.10.25 – 25.10.25
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	08.12.25 – 13.12.25
Емтихан сессиясы, оның ішінде ДҒЗЖ есебі және «FX» бағасын алған жағдайда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру	15.12.25 – 04.01.26
Қысқы каникул	05.01.26 – 18.01.26
2 курс	
Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	01.09.25 – 21.12.25
Докторлық диссертацияны орындау	01.09.25 – 21.12.25
Докторанттың ҒЗЖ және ДДО есебі	22.12.25 – 30.12.25
Қысқы каникул	05.01.26 – 18.01.26
Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	01.09.25 – 21.12.25
3 курс	
Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	01.09.25 – 21.12.25
Докторлық диссертацияны орындау	01.09.25 – 21.12.25
Докторанттың ҒЗЖ және ДДО есебі	22.12.25 – 30.12.25
Қысқы каникул	05.01.26 – 18.01.26
Дайындық бөлімінің тыңдаушылары үшін	
Теориялық дайындық	08.09.25 – 21.12.25
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	27.10.25 – 01.11.25
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	15.12.25 – 20.12.25
Аралық бақылау	22.12.25 – 10.01.26
Қысқы демалыс	12.01.26 – 31.01.26
МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР	
Конституция күні	30 тамыз
Республика күні	25 қазан
Қазақстан Тәуелсіздік күні	16 желтоқсан
Жаңа жыл	1-2 қаңтар
Рождество	7 қаңтар
КӨКТЕМГІ-ЖАЗҒЫ СЕМЕСТР	
Теориялық оқыту	19.01.26 – 03.05.26
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	09.03.26 – 14.03.26
2025-2026 оқу жылына элективті пәндерге жазылу	06.04.26 – 25.04.26
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	27.04.26 – 02.05.26
Емтихан сессиясы, оның ішінде Мемлекеттік емтихандарды тапсыру және «FX» бағасын алған жағдайда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру:	
1 курс, оның ішінде Қазақстан тарихы бойынша Мемлекеттік емтихан тапсыру	04.05.26 – 24.05.26
2,3 курстар	04.05.26 – 24.05.26
4 курс	04.05.26 – 17.05.26

Қорытынды аттестаттау:	
Мемлекеттік емтихан тапсыру және дипломдық жұмыстарды (жобаларды) қорғау	18.05.26 – 14.06.26
Магистратура (ғылыми-педагогикалық бағыт)	
Теориялық оқыту	19.01.26 – 03.05.26
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	09.03.26 – 14.03.26
2026-2026 оқу жылына элективті пәндерге жазылу	06.04.26 – 25.04.26
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	27.04.26 – 02.05.26
Емтихан сессиясы, оның ішінде МҒЗЖ және "ҒХ" бағасын алу кезінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру	04.05.26 – 24.05.26
Кәсіби практика:	
Педагогикалық практика - (2 семестр) (аптасына 2 сағат)	Теориялық оқытумен қатар
МҒЗЖ (үзіліссіз) – 1,2,3 семестр (аптасына 8 сағат)	Теориялық оқытумен қатар
Зерттеу практика – 2,3 семестр (аптасына 8 сағат)	Теориялық оқытумен қатар
Зерттеу практика– 4 семестр	19.01.26 – 15.02.26
МҒЗЖ (үзбей)	19.01.26 – 12.04.26
Қорытынды аттестация:	
Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және дайындау	13.04.26 – 31.05.26
Магистерлік диссертацияны қорғау	01.06.26 – 21.06.26
Жазғы семестр	25.05.26 – 05.07.26
Жазғы каникул:	25.05.26 – 31.08.26
Магистратура (бейіндік бағыт)	
Теориялық оқыту	19.01.26 – 03.05.26
1 аралық бақылау	09.03.26 – 14.03.26
2 аралық бақылау	27.04.26 – 02.05.26
Емтихан сессиясы, оның ішінде ЭИРМ және «ҒХ» бағасын алған жағдайда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру:	04.05.26 – 24.05.26
Жазғы семестр	25.05.26 – 05.07.26
Жазғы каникул:	25.05.26 – 31.08.26
Докторантура PhD	
1 курс	
Докторанттың ғылыми жұмысы, тағылымдамадан өтуді қоса алғанда және докторлық диссертацияны орындау	19.01.26 – 03.05.26
Педагогикалық практика	Теориялық оқытумен қатар
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	09.03.26 – 14.03.26
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	27.04.26 – 02.05.26
Емтихан сессиясы және «ҒХ» бағасын алған жағдайда қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсыру	04.05.26 – 24.05.26
Зерттеу практикасының ҒЗЖ бойынша есебі	25.05.26-30.05.26

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша есебі	01.06.26-20.06.26
Жазғы семестр	25.05.26 – 05.07.26
2 курс	
Докторанттың ғылыми жұмысы, тағылымдамадан өтуді қоса алғанда және докторлық диссертацияны орындау	19.01.26 – 14.06.26
Зерттеу практикасы	19.01.26 – 14.06.26
Докторанттың ҒЗЖ және ДДО есебі	15.06.26 – 20.06.26
Жазғы каникул	25.06.26 – 31.08.26
3 курс	
Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	19.01.26 – 14.06.26
Докторлық диссертацияны орындау	19.01.26 – 14.06.26
Докторанттың ҒЗЖ және ДДО есебі (алдын-ала қорғау)	15.06.26 – 20.06.26
Дайындық бөлімінің тыңдаушылары үшін	
Теориялық дайындық	02.02.26 – 17.05.26
1 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	23.03.26 – 28.03.26
2 аралық бақылау (теориялық оқытумен қатар)	11.05.26 – 16.05.26
Аралық бақылау	18.05.26 – 31.06.26
Кәсіптік практика	
Оқу практикасы (2 семестр) (теориялық оқытумен қатар)	19.01.26 – 03.05.26
Педагогикалық практика	теориялық оқытумен қатар
Өндірістік практика*	теориялық оқытумен қатар
Дипломалды практика (теориялық оқытумен қатар)	19.01.26 – 03.05.26
Жазғы семестр	25.05.26 – 05.07.26
Жазғы демалыс:	25.05.26 – 31.08.26
МЕРЕКЕЛІК КҮНДЕР	
Халықаралық әйелдер күні	8 наурыз
«Наурыз» мерекесі	21-22-23 наурыз
Қазақстан халықтарының бірлігі күні	1 мамыр
Отан қорғаушылар күні	7 мамыр
Жеңіс күні	9 мамыр
Астана күні	6 шілде

Н.Т. КУЛДАНОВ – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор:

Қысқы емтихан сессиясы мідетті түрде қаңтардың 1-не дейін бітіп кетуі керек.

Н.А. ЕРТАЕВА – Академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысы:

Қысқы емтихан аралығы 15.12.25 – 04.01.26, яғни емтихандар 1 қаңтарға дейін бітіп кетеді. Ал 4-не дейін – қайта тапсыру, яғни "FX" баға алғандар.

Ғылыми кеңестің ұсынылған 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбені бекіту бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30

адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2. 2025-2026 оқу жылына арналған академиялық күнтізбе бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор Н.Т. Кулдановтың «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының эдвайзер-кураторлар кеңесі» және «Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» Ережелерін бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Н.Т. КУЛДАНОВ – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға жаңадан «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының эдвайзер-кураторлар кеңесі» және «Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» Ережелерін ұсынамын.

Эдвайзер-кураторлар кеңесінің мақсаты – Консерваториядағы академиялық топ кураторларының қызметін үйлестіру және оларға практикалық көмек көрсету.

Кураторлар кеңесі Консерваторияда жүйелі тәрбие жұмысын жүзеге асыру, тәрбие саласындағы барлық бөлімшелердің қызметін үйлестіру, кураторларға, профессорлық-оқытушылық құрамға және білім алушыларға тәрбиелік және мәдени-демалыс іс-шараларын ұйымдастыруда практикалық көмек көрсету үшін құрылды. Бұл іс-шаралар білім алушылардың жалпы мәдени және әлеуметтік-жеке құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Эдвайзер-кураторлар кеңесі өз қызметінде: Азаматтық пен патриотизм сезімін, Қазақстан Республикасының ұлттық рәміздері мен дәстүрлеріне құрметті қалыптастырады; Білім алушылардың саяси, құқықтық және адамгершілік мәдениетін жетілдіреді, Қазақстан Республикасының заңнамасына құрметпен қарауға үйретеді, құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстарын жүргізеді; Салауатты өмір салты, эстетикалық және экологиялық мәдениет дағдыларын қалыптастырады; Білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне ықпал етеді, оларды белгіленген нормалар мен ережелерді меңгеруге және сақтауға, білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін білуіне көмектеседі.

Кеңестің жалпы жұмысын Консерваторияның академиялық мәселелер жөніндегі проректоры мен тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры басқарады. Кеңестің жұмысын факультет декандары және құрылымдық бөлімшелердің басшылары қадағалайды. Кеңестің жұмыс жоспары оқу жылына арналып жасалады және оны Консерватория ректоры бекітеді. Кеңес отырыстары

хаттамамен рәсімделеді, оны Кеңес хатшысы жүргізеді. Хатшы, сондай-ақ, отырыстарға қажетті материалдарды дайындауды ұйымдастырады, Кеңес мүшелерін отырыстың орны, уақыты және күн тәртібі туралы хабардар етеді, қабылданған шешімдердің орындалу барысын бақылайды.

Алғашқы көмек-бұл адам өмірін сақтап қалуға, шұғыл жағдайлар кезінде асқынулардың алдын алуға, сондай-ақ зардап шеккен адамның өзі (өзіне-өзі көмек) немесе жақын маңдағы басқа адам (өзара көмек) оқиға орнында медициналық қызметкерлер келгенге дейін жүргізетін шұғыл жағдай кезінде зардап шеккен адамның денсаулығы мен өміріне төнетін қатерді азайту мақсатында шұғыл базалық іс-шаралар кешені.

Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша Нұсқаулықтан біліктілігіне, біліміне, өтіліне, орындалатын жұмыстың сипатына қарамастан Университеттің барлық қызметкерлері өтеді.

Алғашқы медициналық көмек көрсету бойынша Нұсқаулықты медициналық қызмет бөлімінің басшысы жылына бір рет жүргізеді.

Нұсқаулықты өткізу туралы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаманы тіркеу журналына жазба жасалады.

Осы Нұсқаулықтың талаптары ең аз қажетті болып табылады және нақты жағдай үшін толық және/немесе шектеу ретінде қарастырылмауға тиіс.

Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері, «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының эдвайзер-кураторлар кеңесі» және «Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» Ережелері алдын-ала жіберілген болатын. Сіздер бұл құжаттармен танысып шықтыңыздар және бекітуді сұраймын, дегенмен сұрақтарыңыз болса жауап беруге дайынмын.

Ғылыми кеңестің ұсынылған «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының эдвайзер-кураторлар кеңесі» және «Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» Ережелері бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының эдвайзер-кураторлар кеңесі» және «Зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету» Ережелері бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы А.С. Сарымсакованың профессор-оқытушылар құрамының Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы жұмыс жағдайына қанағаттануы туралы әлеуметтік сауалнама есебін бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. САРЫМСАКОВА – Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы жұмыс жағдайына қанағаттануы туралы әлеуметтік сауалнама есепбін ұсынамын. Есеп 40 беттен астам тұрады және ол Сіздерге танысуға алдын ала жіберілген болатын.

Жалпы саны 370 болатын профессор-оқытушылар құрамынан тек 299 сауалнамада қатысты, бұл 62 % құрады. Оның ішінде

- 1) Оқытушы – 79 / 34,5%
- 2) аға оқытушы – 56 / 24,5%
- 3) Доцент – 52 / 22,7%
- 4) Профессор – 34 / 14,8%
- 5) кафедра меңгерушісі (доцент) – 5 / 2,2%
- 6) кафедра меңгерушісі (профессор) – 0
- 7) кафедра меңгерушісі (оқытушы) / зав – 3 / 1,3 %

Сауалнамада сұрақтар келесі бөлімдер бойынша жүргізілді:

1. Жұмыс аудиториясының жабдықталуы:

Толық қанағаттану	Қанағаттанатын шығармын	Бейтарап	Қанағаттанбайтын шығармын
20,5% респонденттер жұмыс аудиториясының жабдықталуына толық қанағаттанады.	25,3% респонденттер қанағаттанатын шығармын деп жауап берді.	17,5% респонденттер бейтарап пікірде	25,3% респонденттер қанағаттанбайтын шығармын деп жауап берді.
Респонденттердің жартысына жуығы жұмыс аудиториясының жабдықталуына қанағаттанбайды немесе бейтарап пікірде. Бұл мәселеге назар аудару қажеттігін көрсетеді.			

2. Құралдар мен жабдықтардың сапасы:

Толық қанағаттану	Қанағаттанатын шығармын	Бейтарап
21,8% респонденттер құралдар мен жабдықтардың сапасына толық қанағаттанады.	26,2% респонденттер қанағаттанатын шығармын деп жауап берді.	23,1% респонденттер бейтарап пікірде
Құралдар мен жабдықтардың сапасына қатысты да ұқсас жағдай байқалады. Бұл мәселені жақсарту үшін инвестициялар қажет болуы мүмкін		

3. Ақпараттық ресурстарға қол жеткізу:

Қолжетімділік әрқашан қамтамасыз етіледі	Көбінесе қол жетімділік бар	Кейде қиындықтар туындайды
45,4% респонденттер.	38,9% респонденттер.	12,2% респонденттер.

Респонденттердің көпшілігі қажетті ғылыми, оқу және әдістемелік материалдарға қол жеткізуге қанағаттанады. Дегенмен, кейбір қиындықтардың бар екендігін ескеру қажет.

4. Жалақы деңгейіне қанағаттану:

Толық қанағаттану	Қанағаттанатын шығармын	Қанағаттанатын шығармын	Бейтарап
17% респонденттер.	21,8% респонденттер.	30,1% респонденттер.	19,7% респонденттер.
Жалақы деңгейіне қанағаттану көрсеткіші төмен. Респонденттердің жартысына жуығы қанағаттанбайды немесе бейтарап пікірде. Бұл мәселе кадрлардың тұрақтылығына әсер етуі мүмкін			

5. Басқарушылық шешімдерге қатысу:

0-2 балл	3 балл	4 балл	5 балл
17% респонденттер.	19,7% респонденттер	25,8% респонденттер.	31% респонденттер.
Басқарушылық шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігіне қанағаттану деңгейі орташа. Бұл процеске ПОҚ-ның қатысуын арттыру қажет болуы мүмкін			

6. Қорытынды және ұсыныстар:

Жұмыс жағдайын жақсарту	Жалақыны көтеру	Коммуникацияны күшейту
Жұмыс аудиторияларының жабдықталуын және құралдардың сапасын арттыру.	ПОҚ-ның жалақы деңгейін қайта қарау.	Ішкі коммуникацияның сапасын жақсарту және басқарушылық шешімдерге қатысуды қамтамасыз ету.
Сауалнама нәтижелері Құрманғазы атындағы ҚҰК-дағы ПОҚ-ның жұмыс жағдайын жақсарту үшін бірқатар шаралар қабылдау қажеттігін көрсетеді. Бұл кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге және оқу орнының тиімділігін арттыруға ықпал етеді.		

Профессор-оқытушылар құрамының Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы жұмыс жағдайына қанағаттануы туралы әлеуметтік сауалнама есебі бойынша толық мәліметтер қысқа баяндама аяқталды сұрақтарыңыз болса жауап беруге дайынмын.

Ғылыми кеңестің ұсынылған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы жұмыс жағдайына қанағаттануы туралы әлеуметтік сауалнама есебі бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

4. Профессор-оқытушылар құрамының Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы жұмыс жағдайына қанағаттануы туралы әлеуметтік сауалнама есебі бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

5. ТЫҢДАЛДЫ: Ғылым және инновация бөлімінің басшысы С.М. Шакированың Ғылым және инновация бөлімінің жұмысы туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

С.М. ШАКИРОВА – Ғылым және инновация бөлімінің басшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Ғылым және инновация бөлімінің жұмысы туралы есепті ұсынамын және оның бекітілуін сұраймын.

Ғылым және инновация бөлімі келесі бағыттар бойынша жұмыс жүргізді:

1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы ғалымдарының халықаралық беделін арттыру бойынша

➤ Консерватория ғалымдары туралы мәліметтерді SCOPUS базасында өзектендіру.

«Kurmangazy Kazakh National Conservatoire 2024» атты Консерваторияның профилінде 2024 жылдың 1 қазанында 65 құжат және 90 автор болды. SCOPUS-қа ПОҚ-ның 11 профилі қосылды біріктіру, аффиляциядағы қателіктермен Консерватория авторларының мақалаларын қосу және т.б. бойынша сұраулар жасалды. Нәтижесінде 2025 жылдың 20 наурызында 73 құжат және 79 автор болды.

Факультет және журнал квартилі көрсетілген Консерватория жарияланымдары бойынша жылдық статистика дайындалды. «Kurmangazy Kazakh National Conservatory аффиляциясы бар авторлар, олардың жарияланымдары, «Хирш индексі» тізімі дайындалды.

Жылдыр	2013	2014	2016	2017	2018	2019	2020	2021	2022	2023	2024	2025	Барлығы	%
Жарияланымдар саны	3	2	10	1	9	4	13	9	5	6	11		73	100
Q1							1	3	1	2	1		8	10,1
Q2			1				2	3	4	2	4		16	21,9
Q3			7		4	4	7	2		1	6		31	42,5
Q4		1	2	1	5		3			1			13	17,8
Q нет	3	1						1					5	6,8
индекстеуі тоқтатылған басылымдарда	3	1	8	1	8	4	10	3	0	1	2		41	56,2

➤ Консерватория ғалымдары туралы мәліметтерді Web of Science базасында өзектендіру.

«Kurmangazy Kazakh National Conservatoire 2024» атты Консерваторияның профилінде 2025 жылдың 25 наурызында 28 құжат бар. Факультет және журнал квартилі көрсетілген ҚҰК жарияланымдары бойынша жылдық статистика өзектендірілді. Индекстеуі тоқтатылған басылымдардағы жарияланымдар бөлек белгіленді.

➤ Google Академия профилінде ПОҚ-ның профилдері құрылды. 2024 жылдың қазанына дейін екі профиль болды. 77 жаңа ПОҚ-ның профилдері жасалды. Барлығы – 79 профиль.

➤ SCOPUS және Web of Science журналдары бойынша ғылыми-консультациялық жұмыстар жүргізілді, яғни тақырыптық бағыттар бойынша SCOPUS базасындағы музыка, бейнелеу өнері, орындаушылық өнері, мәдениет саласында және ресейлік Скопус журналдары тізімі дайындалды. Тізімде журнал квартилі, журнал процентиі және журнал сайтына сілтемелер көрсетілген.

2. Ұйымдастыру жұмысы бойынша

➤ Магистранттар мен докторанттардың ғылыми тағылымдамаларын үйлестіру. Серіктес жоғары оқу орындарымен хат алмасу, магистранттар мен докторанттарға ұйымдастырушылық қолдау көрсету, үшжақты келісімшарттар дайындау, тағылымдамалар туралы күнделіктер мен есептер жинау.

➤ Кітапханаларда, мұрағаттарда, мұражайларда жұмыс істеу үшін білім алушыларға анықтамалар.

➤ ПОҚ мақалалары бойынша «Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-на (ҰҒТҚО) Scopus, WoS бойынша сұраулар жіберу.

➤ Министрліктер тарапынан келген хаттарға жауаптар дайындау.

➤ 2024 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жылдық есепті дайындау.

➤ 2024 жылға арналған Қазақстан Республикасының ұлттық жоғары оқу орындары рейтингі үшін деректерді жинау және енгізу бойынша кафедралармен жұмыс үйлестіру.

➤ Шетелдік баспагерлермен ПОҚ-ның монографияларын ағылшын тілінде шығару бойынша келіссөздер жүргізу.

➤ Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына орай «Жаһандық әлемнен кейінгі өнер: метадәстүрден метамәдениетке дейін» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары Шақыруларды тарату, қатысушылармен хат алмасу, баяндамаларды жинау, баяндамалардың мәтіндерін ғылыми редакторлармен тексеру, полиграфиялық өнімдерді дайындау, конференция бағдарламасын құрастыру, жинақты беттеу және шығару. Жинақта 69 мақала бар. (02.12.2024 ж.).

➤ VII Республикалық «XXI ғасыр музыкасындағы дәстүрлер мен инновациялардың диалогы» атты Магистрлік оқулар 55 мақала келіп түсті, 54 мақала қабылданды, 10 магистрант баяндама жасады. Оқулар ұйымдастыру

комитетінің үйлесімді жұмысының арқасында өтті, төрағасы Мусагулова Г.Ж. Жинақ жариялауға дайындалуда (27.02.2025 ж.).

➤ «Түркі халықтарының музыкасы» атты Бірінші халықаралық симпозиумның 30 жылдығына арналған «Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияна келесі дайындықтар жүргізілді: 87 баяндама тіркелді. Мақалалар плагиатқа тексеріліп, «Музыкатану және композиция» кафедрасының ғылыми редакторлары (барлығы 12 адам) тарапынан өңделді. Авторлармен мақалаларды жетілдіру бойынша жұмыс жүргізілді. Конференцияны ұйымдастыру бойынша хат алмасу (Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарға, музыкалық колледждерге, отандық және шетелдік музыкатанушыларға ақпараттық хаттарды екі рет тарату). Халықаралық бөлім 68 серіктес Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарға екі рет хат жіберді. Хат алмасу (потенциалды демеушілерге хаттар, шетелдік қонақтарға шақырулар, қонақұйді брондау). 2025 жылға арналған арнайы корпоративтік жеңілдіктермен «Алма-Ата» қонақүйімен келісімшарт жасалды. Қатысушыларға арналған кеңсе тауарлары. Конференция жинағын беттеу және редакциялау.

Ғылым және инновация бөлімінің жұмысы туралы есепті бекітулеріңізді сұраймын.

Ғылыми кеңестің ұсынылған Ғылым және инновация бөлімінің жұмысы туралы есеп бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

5. Ғылым және инновация бөлімінің жұмысы туралы есеп бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

6. ТЫҢДАЛДЫ: Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің басшысы Ж. Сафиеваның Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің жұмысы туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ж. САФИЕВА – Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің басшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің жұмысы туралы есепті ұсынамын және оның бекітілуін сұраймын.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ақпараттық саясат және маркетинг бөлімі консерваторияның оң имиджін қалыптастыру және қолдау, оны елдің жетекші музыкалық білім беру орталығы ретінде позициялау, сондай-ақ студенттер, оқытушылар, серіктестер және кең аудитория үшін ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша кешенді жұмыс жүргізеді.

Бөлімнің негізгі қызмет бағыттары:

1. Консерваторияның ресми сайты жүргізу;
2. Әлеуметтік желілерді жүргізу;
3. Ресми құжаттарды аудару және дайындау;
4. БАҚ-пен өзара әрекеттесу.

1. Консерваторияның ресми сайты жүргізу

- Ресми құжаттар, соның ішінде бұйрықтар, ережелер, регламенттер жүктеліп, жаңартылады;
- Профессор-оқытушылар құрамы (ППС) және әкімшілік-басқару персоналы (АУП) туралы ақпарат, олардың ғылыми жарияланымдары, жетістіктері, жобаларға қатысуы туралы мәліметтер үнемі толықтырылып отырады;
- Білім беру бағдарламалары, халықаралық ынтымақтастық, академиялық ұтқырлық және т.б. байланысты сайт бөлімдері толықтырылып, редакцияланады;
- Консерватория қызметі туралы жаңалықтар контенті жасалып, жарияланады.

2. Әлеуметтік желілерді жүргізу

- Instagram, Facebook, YouTube ресми платформаларында контент дайындау және жариялау;
- Маңызды оқиғалар, конкурстар, мерейтойлық іс-шаралар туралы ақпараттандыру.

3. Ресми құжаттарды аудару

- Жаңалық жарияланымдарын, ресми хаттарды, баспасөз релиздерін және басқа материалдарды қазақ тіліне аудару.

4. БАҚ-пен өзара әрекеттесу

- Пресс-релиздер, жаңалық материалдарын дайындау;
- Консерваторияның 80 жылдығын қоса алғанда, негізгі оқиғаларды жариялау үшін баспалармен ынтымақтастық.

5. Консерваторияның 80 жылдығы

- БАҚ-та шамамен 50 материал;
- Александр Зацепин, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев, Жәния Әубәкірова, Карина Абдуллина, Ерлан Көкеев, Жамиля Серкебаева, Байғали Серкебаев және басқа да танымал музыкалық қайраткерлерден құттықтаулар;
- «Хабар» агенттігі АҚ-нан деректі фильм.

Есепті кезеңде ақпараттық саясат және маркетинг бөлімі консерваторияның қызметін тұрақты ақпараттық қолдауды қамтамасыз етті, БАҚ-пен өзара әрекеттесуді кеңейтті, цифрлық арналардағы аудиторияны қамтуды арттырды және консерваторияның 80 жылдық мерейтойын ілгерілету стратегиясын сәтті жүзеге асырды. Алдағы жұмыста бөлім ақпараттық саясатты жетілдіруді, жаңа контент форматтарын дамытуды, медиа серіктестіктерді кеңейтуді және білім беру бағдарламалары мен халықаралық ынтымақтастықты жариялауға назар аударуды жалғастырады.

Ғылыми кеңестің ұсынылған Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің жұмысы туралы есеп бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

6. Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің жұмысы туралы есеп бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

7. ТЫҢДАЛДЫ: Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің басшысы Ж. Сафиеваның «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының коммуникациялық саясаты туралы» ережені бекіту баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ж. САФИЕВА – Ақпараттық саясат және маркетинг бөлімінің басшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының коммуникациялық саясаты туралы» ережені ұсынамын және оның бекітілуін сұраймын.

Консерваторияның коммуникациялық саясаты оның имиджін қалыптастыруға, танымалдылығын арттыруға және серіктестермен тиімді өзара әрекеттесуге бағытталған.

Аталған құжат Консерваторияның барлық қызметкерлері, сондай-ақ ақпараттық қызметке тартылған студенттер мен өкілдер үшін міндетті болып табылады.

Коммуникациялық саясаттың негізгі міндеттері Консерваторияның бірыңғай ақпараттық кеңістігін қалыптастыру; Консерватория қызметі туралы ақпараттың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыру; ПОҚ, студенттер және түлектердің жетістіктерін насихаттау; медиа, серіктестер және қоғаммен тиімді өзара әрекеттесу жүйесін құру; репутацияны қорғау және ақпараттық тәуекелдердің алдын алу болып табылады.

Коммуникацияның негізгі принциптері:

1) Ашықтық – Консерватория қызметі туралы шынайы және өзекті ақпарат ұсыну;

2) Қолжетімділік – түрлі аудиториялар, соның ішінде БАҚ, студенттер және серіктестер үшін ақпаратқа еркін қолжетімділікті қамтамасыз ету;

3) Кәсібилік – барлық коммуникациялардың этикалық нормаларға және кәсіби стандарттарға сай болуы;

4) Жеделдік – сұраныстар мен ақпараттық себептерге уақтылы жауап беру;

5) Үйлесімділік – жарияланымдар мен ресми хабарламаларда бірыңғай ақпараттық стильді сақтау.

Коммуникация саясатын іске асыруға жауапты – Консерваторияның ақпараттық саясат және маркетинг бөлімі болып табылады. Консерватория атынан жасалатын барлық ресми мәлімдемелер, жарияланымдар және түсініктемелер басшылықпен келісіледі. Дағдарыстық жағдайларда Консерватория басшылығы бекіткен дағдарысқа қарсы коммуникациялық жоспар қолданылады. Консерватория басшылығымен келісілген және бекітілген кез келген іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу кезінде олар туралы ақпарат Консерваторияның веб-сайтында және әлеуметтік желілерде уақтылы жариялау үшін ақпараттық саясат және маркетинг бөліміне берілуі тиіс.

Ғылыми кеңестің ұсынылған «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының коммуникациялық саясаты туралы» ережені бекіту бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

7. «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының коммуникациялық саясаты туралы» ережесі бекітілсін.

8. ТЫҢДАЛДЫ: «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы А.С. Бекенованың «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Д. Махмудтың «Струнно-смычковое исполнительство Казахстана: традиции, стили и современность» атты монографиясын баспаға ұсыну туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. БЕКЕНОВА – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Д. Махмудтың «Струнно-смычковое исполнительство Казахстана: традиции, стили и современность» атты монографиясын ұсынамын және оны баспадан шығаруға рұқсат берулеріңізді сұраймын.

Доцент Д. Махмудтың «Струнно-смычковое исполнительство Казахстана: традиции, стили и современность» атты монографиясына сыртқы пікір жазған: К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Скрипка» кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының докторы Д.Ж. Жумабекова; ішкі пікір: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер факультеті» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының докторы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері С.И. Утегалиева.

Орындаушылық интерпретация мен стиль музыкалық зерттеулердің ең талқыланатын және өзекті салаларының бірі болып табылады. Бұл сала философия, өнертану, мәдениеттану, этнология және социология жетістіктерін сіңіріп, орындаушылық өнерді терең түсінуге ықпал ететін белсенді түрде дамып

келеді. Әлемдік орындаушылық тенденциялар мен ұлттық дәстүрлердің арақатынасы, музыкалық ойлаудың этникалық негіздерінің композиторлық және орындаушылық шығармашылығына әсері, аутентикалық орындау, сондай-ақ академиялық білім берудегі музыканттардың стильдік мәдениетін қалыптастыру әдістері қазіргі ғылыми зерттеулердің маңызды аспектілері болып табылады. Осы контексте Диана Ерболатқызы Махмудтың Қазақстандағы қазіргі кезеңдегі ішекті-ыспалы өнердегі орындаушылық стильді зерттеуге арналған монографиясы музыкалық ғылым тұрғысынан да, орындаушылық практика мен педагогика тұрғысынан да өзекті және сұранысқа ие болып табылады.

Д.Е. Махмудтың монографиясы үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім – «Қазақстандағы ішекті-ыспалы орындаушылықтың тарихи аспектілері» – орындаушылық мектептің даму кезеңдері мен оның педагогикалық принциптерін талдайды. Екінші бөлім – «Ішекті-ыспалы орындаушылықтың көркемдік және стильдік ерекшеліктері» – зерттеудің әдіснамалық аспектілерін ашады. Үшінші бөлім – «Орындаушылықтың қазіргі стильдік тенденциялары және даму перспективалары» – Қазақстанның қазіргі музыкалық мәдениеті контекстінде орындаушылық стильдің өзекті мәселелерін қарастырады. Ғылыми зерттеу мәтінімен танысу автордың тақырыпқа қызығушылық танытып, түрлі теориялық ұстанымдарды жан-жақты зерттеп, Қазақстандағы ішекті-ыспалы орындаушылықтың тарихы бойынша кең көлемді деректік материал жинап, оны қазіргі орындаушылық өнер теориясы мен практикасы тұрғысынан дұрыс интерпретациялап, талдағанын көрсетеді.

Зерттеу айқын құрылымға ие, бұл жалпы теориялық сұрақтардан нақты мысалдар мен қорытындыларға қозғалысты қадағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыстың тұтастығы мен жүйелілігін қамтамасыз етеді, ал қолжетімді тіл монографияны тек мамандарға ғана емес, сонымен қатар кең оқырмандарға да түсінікті етеді.

Д.Е. Махмудтың зерттеуі теориялық және практикалық маңызға ие. Алынған нәтижелер орындаушылық стиль мен көркемдік интерпретация ұғымдарын кеңейтуге ықпал етеді. Олар білім беру процесінде, орындаушылық өнер тарихы және ұлттық музыкалық мәдениет курстарында, сондай-ақ арнайы сыныптарда ішекті аспаптар оқытушылары тарапынан пайдаланылуы мүмкін.

Сонымен, Д. Е. Махмудтың «Қазақстандағы ішекті-ыспалы орындаушылық: дәстүрлер, стильдер және қазіргі заман» монографиясы жариялауға ұсынылатын аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Жұмыс Қазақстандағы ішекті-ыспалы орындаушылық өнерін зерттеуге белгілі бір үлес қосып, осы құбылысты ғылыми түсінудің шекараларын кеңейтеді.

Ғылыми кеңестің ұсынылған «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Д. Махмудтың «Струнно-смычковое исполнительство Казахстана: традиции, стили и современность» атты монографиясын ұсынамын және оны баспадан шығаруға рұқсат беру бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

8. «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті Д. Махмудтың «Струнно-смычковое исполнительство Казахстана: традиции, стили и современность» атты монографиясы баспадан шығаруға рұқсат етілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

9. ТЫҢДАЛДЫ. Әртүрлі. 9.1 Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры Г.Б. Әбдірахманның «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидалары» құжаттын бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Г.Б. ӘБДІРАХМАН – Академиялық мәселелер жөніндегі проректоры:

Құрметті әріптестер, 2024 жылғы 31 қаңтарда «Кәсіби практиканы ұйымдастыру туралы» бакалавриат деңгейі бойынша және 2018 жылғы 29 желтоқсанда «Практика туралы» магистратура-докторантура деңгейі бойынша бекітілген ережелер күшін жойылуын және «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидалары» атты ереженің бекітілуін сұраймын.

Кәсіби практика (түрлері бойынша) теориялық оқытумен қатар жүргізіледі. Кәсіби практика түрлері, олардың ұзақтығы мен мазмұны жұмыс оқу жоспарымен, білім беру бағдарламасымен (түрлері бойынша), сонымен қатар практикалық бағдарламалармен белгіленеді.

Магистранттар мен докторанттарды практикалық даярлау практиканың, ғылыми және кәсіби тағылымдамалардың әртүрлі түрлерін қамтиды және Теориялық оқыту нәтижелерін бекітуге, практикалық дағдылар мен құзыреттерді игеруге бағытталған магистрлік және докторлық бағдарламалардың міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Құрманғазы атындағы ҚҰК білім алушыларында практиканың мақсаты оқыту процесінде алынған теориялық білімді бекіту және іске асыру, практикалық дағдыларды игеру және кәсіби функцияларды дамытуды толықтыратын және ілесіп құзыреттерді қалыптастыру болып табылады.

Білім алушыларды практиканың барлық түрлеріне жіберу Құрманғазы атындағы ҚҰК ректорының бұйрығымен Білім беру бағдарламалары бойынша оқу жоспарына және академиялық күнтізбеге, практика базаларына және консерваториядан практика басшысына сәйкес ресімделеді.

Құрманғазы атындағы ҚҰК практикасын өткізу үшін практика базасымен келісілген бағдарламаны, күнтізбелік кестелерді бекітеді.

Практикадан өту үшін білім алушыға белгіленген нысандар бойынша тәжірибе күнделігі-есебі беріледі. Практиканың әрбір түрі бойынша Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясынан білім алушыларға практика жетекшілері тағайындалады. Консерватория тарапынан практика жетекшісі

ретінде кәсіби саланың ерекшеліктері мен практика базаларының жұмысын жақсы білетін профессорлар, доценттер және тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

Білім алушылардың кәсіби практикасы бакалавр – 8, магистратура – 12, докторантура – 7 бағдарламалары бойынша жүргізіледі. Оқу практикасы. Бакалавриаттың барлық білім беру бағдарламалары үшін оқу практикасы 1-ші курста 2-ші семестрде өткізіледі.

Білім алушылардың кәсіби практикасын жүргізу базасы ретінде ұйымдар алдын ала анықталады, оның жарғылық қызметі кәсіби практика мен материалдық-техникалық базаны басқаруды жүзеге асыратын білікті қызметкерлері бар, мамандарды даярлау профиліне және білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкес келеді.

Құрманғазы атындағы ҚҰК білім алушылары үшін практика базасы орта кәсіби және жоғары оқу орындары (музыкалық және арнайы мектептер, колледждер), жоғары оқу орындарының оқу-әдістемелік бөлімшелері (ғылыми-әдістемелік фольклорлық лаборатория, студенттер оркестрі, біліктілікті жоғарылату және қосалқы білім беру бөлімі), білім беру және мәдениет саласының түрлі мекемелері мен ұйымдары (театрлар, филармониялар Қазақконцерт, БАҚ, оркестрлер және т.б.), мемлекеттік және жергілікті басқару органдары болып табылады.

Зерттеу тәжірибесінің негізі мұрағаттар, кітапханалар және т.б.;

Педагогикалық практика оқыту мен оқыту әдістемесінің практикалық дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізіледі. Бұл ретте магистранттар, докторанттар бакалавриатта, магистратурада сабақ өткізуге тартылады.

ҚҰК бейіні бойынша докторанттар үшін өндірістік практиканың базасы барлық меншік нысанындағы мәдениет және өнер ұйымдары мен кәсіпорындары; мемлекеттік және жергілікті басқару Мәдениет органдары; жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын техникалық ұйым, кәсіби және жоғары оқу орындары болуы мүмкін.

Сондай-ақ, практика консерваторияның құрылымдық бөлімшелерінің базасында ұйымдастырылуы және жүргізілуі мүмкін.

ҚҰК мен ұйымдар арасындағы практика базасы туралы қарым-қатынас өзара келісілген келісімшарт арқылы реттеледі.

Практика базаларымен шарттар практика басталғанға дейін жасалады және практика, жұмыспен қамту және мансап секторындағы практика менеджері шарттарды тіркеу журналында тіркеледі.

Практика бағдарламалары олардың мазмұнын, дәйектілігін және студенттерге одан әрі өндірістік және ұйымдастырушылық жұмыс үшін қажетті практикалық дағдыларды игеру әдістерін анықтайтын негізгі құжат болып табылады.

Бакалавриат практикасы бағдарламалары білім беру бағдарламасының бейінін, кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның – практика объектісінің сипатын ескере отырып әзірленеді және академиялық мәселелер жөніндегі проректормен бекітіледі.

Магистратура мен докторантура практикасының бағдарламалары білім беру бағдарламасының бейінін, кәсіпорынның, мекеменің, ұйым – практика объектісінің сипатын ескере отырып әзірленеді және ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректормен бекітіледі.

Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері, бұл ереже Сіздерге алдын ала жіберілген болатын. Сұрақтарыңыз болса жауап беруге дайынбын.

Ғылыми кеңестің ұсынылған «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидалары» атты құжат бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

9. Әртүрлі. 9.1 «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидалары» атты құжат бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

ТЫҢДАЛДЫ: 9. Әртүрлі. 9.2 Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімінің басшысы А.Н. Баймуканованың 2024-2025 оқу жылындағы біліктілікті жоғарылату курстарының құнын бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.Н. БАЙМУКАНОВА – Кәсіби қайта даярлау және біліктілікті арттыру бөлімінің басшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға 2024-2025 оқу жылындағы біліктілікті жоғарылату курстарының құнын көтерілуі туралы құжатты ұсынамын.

Коммуналдық қызметтер тарифтерінің өсуіне байланысты 2024-2025 оқу жылындағы біліктілікті жоғарылату курстарының құнын келесіндей бекітілуін сұраймын:

№	Бағдарлама атаулары	Сағат саны	Өтілетін күндер саны	Оқу құны	10% жеңілдік (2-3 адам)	15% жеңілдік (4-5 адам)	20% жеңілдік (6 адамнан көп)
1	Авторлық курс / Авторский курс	72	10	105 000,00	10 500,00	15 750,00	21 000,00
2	Бағдарлама / Специальность	160	30	210 000,00			
3	Тағылымдама / Стажировка	172	60-90	525 000,00			

4	Көшпелі шеберлік-сыныбы / Мастер-классы	36	3	40 000,00			
	Барлығы	440	408	880 000,00	10 500,00	15 750,00	21 000,00

Ғылыми кеңестің ұсынылған 2024-2025 оқу жылындағы біліктілікті жоғарылату курстарының құны бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

9. Әртүрлі. 9.2 2024-2025 оқу жылындағы біліктілікті жоғарылату курстарының құны жоғарыда ұсынылған кесте бойынша бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

ТЫҢДАЛДЫ: 9. Әртүрлі. 9.3 Факультет декандарының Нұрсұлтан Назарбаев Қоры жас ғалымдар мен мәдениет және өнер қайраткерлеріне арналған сыйлық тағайындау жөніндегі республикалық байқауға үміткерлерді бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

А.С. БЕКЕНОВА – «Аспаптық орындаушылық» факультетінің деканы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. «Аспаптық орындаушылық» факультеті Нұрсұлтан Назарбаев Қоры жас ғалымдар мен мәдениет және өнер қайраткерлеріне арналған сыйлық тағайындау жөніндегі республикалық байқауға «Ансамбль өнері» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі Панаргалиева Диана Бейбутовнаны ұсынады.

Панаргалиева Диана Бейбутовна Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы. Өз өнерімен музыкалық мәдениетінің дамуына үлес қосып келе жатқан жас музыканттардың бірі.

Д. Панаргалиева 1988 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Ол көптеген көрнекті музыканттар, мәдениет және өнер қайраткерлері сияқты атақты Ахмет Жұбанов атындағы республикалық музыка мектебінде арнайы фортепиано класында оқуын бастады. 2006 жылы мектепті бітіріп, сол жылы Қазақ ұлттық консерваториясына «Арнайы фортепиано» (профессор Массовер С.А.) мамандығы бойынша оқуға түсті. Оқу барысында ол кәсіби және музыкалық білімді терең меңгеруге деген зор қызығушылық танытып, өзін белсенді студент ретінде көрсетті. Бұл оның түрлі конкурстар, олимпиадалар мен ғылыми жобаларға қатысуынан байқалды:

1) Диплом – 4-ші IV жастар Дельфий ойындары байқауы (Астана, 2006ж.)

2) Үздік баяндама үшін диплом – «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты ғылыми-теориялық студенттік конференциясы, Құрманғазы атынд. ҚҰК, 2007 ж.

3) Алғыс хат – Курмангазы атын.ҚҰК қосқан шығармашылық үлесі үшін, (Алматы, 2007 ж.)

4) «Құрмет дипломы» – Заманауи танымал музыка фестивалінде қатысқаны үшін (Алматы, 2008 ж.)

5) «Үздік баяндама үшін диплом» – «Мәдениет және білім: жас ұрпақтың көзқарасы мен проблемалары» атты ғылыми-теориялық конференциясы, Алматы, 2009 ж.

Д. Панаргалиева 2010 жылы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясын қызыл дипломмен бітіріп, жетекші профессорлар және доценттер класында концертмейстер жұмысын атқарды, олардың ішінде ҚР еңбек сіңірген қайраткері, профессор Б.С. Кожамкулова; ҚР халық әртісі, профессор Г.К. Мурзабекова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, доцент А.А. Абатова, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, доцент Б.К. Демеуов, ҚР еңбек сіңірген әртісі Б.К. Қожабаев; доценттер В.Г. Шаплыко, Ж.М. Мекенбаева, Г.А. Нургалиева, аға оқытушы Г.М. Гадеева.

Д.Б. Панаргалиева көптеген байқауларда, фестивальдар мен олимпиадаларда концертмейстер ретінде қатысып, жоғары кәсіби деңгейде дипломдар мен алғыс хаттарға ие болды.

2013-2015 жыдар аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында магистратура бағдарламасы бойынша білім алды. Бұл кезеңде ол өзінің сан қырлы қызметін жалғастырып, республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларға белсене қатысты, бір неше мақалалары жарық көрді, сондай-ақ қазақстанның үздік музыканттарымен бірге концерттік іс-шараларды белсенді жүргізді.

Д. Панаргалиеваның атақты музыканттардан алған сұхбаттары республикалық газеттер мен журналдарда жарық көрді, олар

1) **«Уловить нерв времени» атты сұхбат** Батырхан Шукеновпен;

2) **«Главное, чтобы был баланс во всем» атты сұхбат** Байғали Серкебаевпен;

3) **«Быть первым в своей профессии» атты сұхбат** Алмас Серкебаевпен;

4) **«Перспективы камерной музыки» атты сұхбат** Санкт-Петербург консерваториясының профессоры Сергей Урываевпен (**бұл сұхбат «Новая музыкальная газета» журналында жарық көрген, 2015 ж.**).

Д.Б. Панаргалиева 2015 жылдың наурыз айында Мәскеуде ғылыми тағылымдамадан өтті. Ол Ресей Федерациясының халық әртісі Т.А. Әлихановтан жеке сабақ алып, «Жоғары халықаралық мектепті» бітіргені туралы арнайы сертификатпен марапатталды.

Д.Б. Панаргалиева магистратураны үздік бітіргеннен кейін ғылыми қызметін, сондай-ақ концертмейстер шеберлігін жоғары деңгейде жалғастырып келеді. Қазіргі таңда оның біршама мақалалары республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларында басылып шықты. Атап айтқанда, «Ансамбль өнері» кафедрасының 2022 және 2024 жылдары жарық көрген оқу-

әдістемелік мақалалар жинағында оның мақалалары қазақ және орыс тілдерінде жарияланды.

Диана Панаргалиева 2017 жылдан бастап «Ансамбль өнері» кафедрасында оқытушы лауызымында қызметін атқара бастады. Сол жылы ол Австрия мемлекетінің Вена қаласындағы «MUSIK UND KUNST PRIVATUNIVERSITÄT DER STADT WIEN» консерваториясында біліктілікті арттыру курсынан өтті.

2024 жылдың 1 қыркүйегінен қазіргі күнге дейін Д. Панаргалиева кафедрада аға оқытушы лауызымында қызметін жағастыруда. Осы уақыт ішінде ол 20 дан астам шәкірт тәрбиеледі. Д. Панаргалиеваның жан-жақты қызметі кәсіби салаға оң ықпал етіп, өз шәкірттерін және жас музыканттарды шабыттандырады.

Д. Панаргалиева Консерваторияда, филармонияда, Алматының басқа да концерт залдарында ауқымды концерттердің тұрақты жүргізушісі болып табылады. Атап айтқанда, Марат Бисенғалиевпен бірге Таллин мен Хельсинкиде Қазақстанның Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концерт (14-15 желтоқсан 2024 жыл); Марат Бисенғалиевпен екі бөлімнен тұратын Қарағанды қаласының «Шалқыма» концерт залында (09 наурыз 2025 жыл) және Алматы қаласындағы Қазақконцерт сахнасында үлкен концерт (15 наурыз 2025 жыл).

Ғылыми кеңестің ұсынылған Нұрсұлтан Назарбаев Қоры жас ғалымдар мен мәдениет және өнер қайраткерлеріне арналған сыйлық тағайындау жөніндегі республикалық байқауға «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ансамбль өнері» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі Панаргалиева Диана Бейбутовна бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 30 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % кұрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

9. Әртүрлі. 9.3 Нұрсұлтан Назарбаев Қоры жас ғалымдар мен мәдениет және өнер қайраткерлеріне арналған сыйлық тағайындау жөніндегі республикалық байқауға «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ансамбль өнері» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі Панаргалиева Диана Бейбутовна ұсынылсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.



Г. Тасбергенова

Ш. Аманжолова